

АНЫҚТАМА

№296 орта мектеп кітапханасында 14 ақпан күні «Шын жүректен кітап сыйла» акциясы өтті.

Аталған акцияның негізгі мақсаты – кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру, жас ұрпақтың рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту, кітапхана қорын жаңа әдебиеттермен толықтыру және қоғамда кітап сыйлау мәдениетін қалыптастыру болды.

Іс-шара барысында оқырмандар мен кітапхана қызметкерлері белсенді қатысып, түрлі жанрдағы (көркем әдебиет, балалар әдебиеті, ғылыми-танымдық, тарихи және т.б.) кітаптар кітапхана қорына сыйға тартылды. Акция аясында кітаптың маңыздылығы туралы пікір алмасу ұйымдастырылып, кітап оқудың пайдасы насихатталды. Сонымен қатар, қатысушылар арасында алғыс білдіру рәсімі өткізіліп, белсенділік танытқан азаматтарға ризашылық білдірілді.

Акция өз мақсатына жетіп, кітапхана қорын толықтыруға және оқырмандар санын арттыруға оң ықпал етті.





Кітапхана меңгерушісі: Қалдыбекова А.Б